

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4 -4/306 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 маусымда № 11451 тіркелді

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі, ресми жариялануы тиіс және 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Ауыл шаруашылығы министрі *Қазақстан Республикасының*
А.Мамытбеков

«К Е Л І С І Л Г Е Н»

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Ә. Исекешев

2015 жылғы 6 мамыр

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
----- Б. Сұлтанов

2015 жылғы 14 мамыр

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
----- Е. Досаев

2015 жылғы 27 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 6 сәуірдегі
№ 4 - 4 / 306 бұйрығымен
бекітілген

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына сәйкес әзірленді және гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды сатып алу шығындарын өтеуге арналған субсидияларды төлеу (бұдан әрі – субсидия) тиісті қаржы жылына жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші - арнайы жарақтандырылған өндірістік биозертханалары мен биофабрикалары бар Қазақстан Республикасында биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға және/немесе биоагенттерді (энтомофагтарды) өткізуді жүзеге

асыратын Қазақстан Республикасының резиденті;

2) гербицидтерді жеткізуші - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген гербицидтерді өндіруді (формуляциялауды) және (немесе) сатуды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлға.

4. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың (астананың) жергілікті атқарушы органының қаулысымен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) келісімі бойынша:

1) субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормалары;

2) субсидияланатын биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттардың түрлері және биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттарды жеткізушілерден сатып алынған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың 1 граммына (данасына) арналған субсидиялар нормалары бекітіледі.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың (астананың), жергілікті атқарушы органының қаулы жобасын Министрлікке келісуге ұсынған кезде белгіленген субсидия нормасын негіздейтін құжаттар (өтінімдерде көрсетілген алаңға ғылыми негізделген енгізу нормаларын ескере отырып, субсидиялауға жататын гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар (бұдан әрі - тауар) түрлерінің көлемдері бойынша есептер, өтінім берілген тиісті гербицидтер немесе биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар түрлеріне қалыптасқан нарықтық бағаларды растайтын құжаттар) қоса беріледі.

5. Облыстың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – облыс басқармасы), республикалық маңызы бар қаланың (астананың) жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – қала басқармасы) гербицидтер, биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар құнын субсидиялау жөніндегі ай сайынғы жеке қаржыландыру жоспарын оны бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті интернет-ресурсқа орналастырады.

2. Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау тәртібі

1-ші параграф. Субсидия алушылар

6. С у б с и д и я :

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында гербицид жеткізушіден гербицидтер сатып алған кезде шығындарын өтеу үшін;

2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында

ауыл шаруашылығы дақылдарын өндеуге арналған биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды жеткізушіден сатып алған кезде шығындарын өтеу үшін;

3) оларды арзандатылған құны бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өткізу шартымен биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды өндіруге биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды жеткізушілерге төленеді.

2-ші параграф. Субсидия алу шарттары

6. Субсидия мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөліміне (бұдан әрі - бөлім) немесе қала басқармасына: осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гербицидтерге субсидиялар алуға ;

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидиялар алуға өтінім (бұдан әрі - өтінім) бергенде ;

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды сатып алған биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды жеткізуші арқылы тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімді (бұдан әрі – төлем туралы өтінім) беруге құқығы бар. Мұндай жағдайда субсидия биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды жеткізушіге төленеді. Егер биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды жеткізуші арқылы бірнеше ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өтінімдері берілген жағдайда, биоагенттерді (энтомофагтарды) биопрепараттарды жеткізуші бөлімге осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші арқылы берілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінімдерінің жиынтық тізілімін (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінімдерінің жиынтық тізілімі) ұсынады;

2) өтінім берушіде ауыл шаруашылығына арналған жерді пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында жер учаскелері болғанда.

3-ші параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

8 . С у б с и д и я л а р :

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінім берген гербицидтердің түрлері мен көлемдерін (өтінімде көрсетілген егістік алаңына қолданудың ғылыми негізделген нормасын есепке ала отырып) және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен гербицидтердің түрлері мен гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялар нормаларын;

2) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінім берген биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері мен көлемдерін (өтінімде көрсетілген егістік алаңына қолданудың ғылыми негізделген нормасы) және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері мен сатып алынған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың 1 грамына (данасына) арналған субсидиялар нормаларын негізге ала отырып есептеледі.

9. Сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялардың нормалары пайыздық арақатынаста құруы тиіс:

1) сатып алынған отандық өндірістің гербицидтерінің құнынан 50 %-ға дейін қоса а л ғ а н д а ;

2) сатып алынған шетелдік өндірістің гербицидтерінің құнынан 30 %-ға дейін қоса а л ғ а н д а .

Бұл ретте осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген гербицидтер түрлеріне арналған субсидиялар нормаларын белгілеген кезде отандық және шетелдік өндірістің гербицидтеріне арналған субсидиялардың мөлшерлері арасындағы айырмашылық Қағидалардың осы тармағында белгіленген айырмашылыққа барабар сәйкес болуы тиіс .

10. Сатып алынған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың 1 граммына (данасына) арналған субсидиялардың нормасы пайыздық арақатынаста биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнынан 40 %-ға дейін қ о с а к ұ р у ы т и і с .

11. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші құны субсидия нормасына есептелген гербицидтердің және биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнынан төмен гербицидтерге және биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға өтінім берген жағдайда, субсидия есебі нақты сатып алынған гербицидтер және биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар құнынан е с е п т е л е д і .

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші құны субсидия нормасына есептелген гербицидтердің және биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнынан жоғары гербицидтерге және биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға өтінім берген жағдайда, субсидия облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған және (немесе) биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың 1 граммына (данасына) арналған субсидиялардың нормасына есептелген гербицид және немесе биоагент (энтомофаг) және биопрепарат құны бойынша субсидия төленеді.

4-ші параграф. Субсидиялар төлеу тәртібі

11. Бес жұмыс күні ішінде бөлім (қала басқармасы) аудан әкімдігінің (қала басқармасының) интернет-ресурсында және ресми баспа басылымдарында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер берген өтінімдерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілер берген төлем туралы өтінімді немесе ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінімдерінің жиынтық тізілімін қабылдаудың басталуы мен аяқталуы туралы хабарландыруды орналастырады.

13. Бөлім (қала басқармасы) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінімдерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілер төлем туралы өтінімді немесе ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жиынтық тізілімін ұсынған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде:

- 1) өтінімді осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкестігі т ұ р ғ ы с ы н а ;
 - 2) төлем туралы өтінімді;
 - 3) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жиынтық тізілімін тексереді.
- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге өтінімді қабылдаған кезде өтінімнің қабылданғаны туралы еркін нысанда қолхат беріледі.

14. Бөлім өтінімді тексеруді аяқтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидия беруде оң шешім болған жағдайда өтінімді облыс басқармасына жібереді, теріс шешім жағдайында – субсидия бермеудің себебін көрсете отырып ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні жазбаша түрде х а б а р д а р е т е д і .

Бұл ретте бөлім осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия бермеудің себебін көрсете отырып, субсидия беруде теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тізбесі) жасайды, оны облыс басқармасына ұсынады.

15. Бөлім (қала басқармасы) төлем туралы өтінімді және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өтінімдерінің жиынтық тізілімін тексеруді аяқтағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер берілген биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің тізілімін жасайды.

Бөлім тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер берілген биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің тізілімін жасағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушіге субсидия беруде оң шешім болған жағдайда биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің тізілімін облыс басқармасына жібереді, теріс шешім жағдайында – субсидия бермеудің себебін көрсете отырып биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушіні жазбаша

т ү р д е

х а б а р д а р

е т е д і .

Бұл ретте бөлім осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия бермеудің себебін көрсете отырып, субсидия беруде теріс шешім қабылданған биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің тізбесін жасайды (бұдан әрі - жеткізушілер тізбесі), оны облыс басқармасына ұсынады.

16. Облыс басқармасы өтінімдер мен биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің тізілімі түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің шотына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем құжаттарын ұсынады.

17. Қала басқармасы өтінімдерді және тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер берілген биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің жасалған тізілімін тексергеннен кейін екі жұмыс күні ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге және (немесе) биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушіге субсидия беруде оң шешім болған жағдайда, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің және (немесе) биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің шотына тиесілі субсидияларды аудару үшін төлем құжаттарын ұсынады, теріс шешім болған жағдайда, субсидиялар бермеудің себебін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіні және (немесе) биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

Бұл ретте қала басқармасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесін және жеткізушілердің тізбесін жасайды.

5-параграф. Субсидиялау жөніндегі есептілік

18. Облыс басқармасы (қала басқармасы) 2015 жылдың 25 желтоқсанына дейінгі
м е р з і м д е М и н и с т р л і к к е :

1) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша гербицидтерге субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпаратты;

2) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық а қ п а р а т т ы ;

3) субсидия бермеудің себебін көрсете отырып субсидия беруде теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер туралы ақпаратты;

4) субсидия бермеудің себебін көрсете отырып субсидия беруде теріс шешім қабылданған биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілер т у р а л ы а қ п а р а т т ы б е р е д і .

Гербицидтерге, биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға

субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың (астананың) әкімдіктерінің интернет-ресурстарында 2015 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірмей орналастырылады.

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына

1-қосымша

Нысан

_____ облысы _____ республикалық маңызы бар қала, астана (ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Гербицидтерге субсидиялар алуға өтінім

_____ литр (килограмм) көлемінде _____, (гербицид түрі)

_____ литр (килограмм) көлемінде _____, (гербицид түрі)

_____ литр (килограмм) көлемінде _____, (гербицид түрі)

гербицидтерді жеткізушіден сатып алынған гербицидтер үшін субсидия төлеуді сұраймын.

| Р/с № | Деректер көзі | Қажетті мәліметтер | Деректер |
|-------|--|--|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама | БСН | |
| | | тіркеу нөмірі | |
| | | тіркеу күні | |
| | | атауы | |
| | | орналасқан жері | |
| | | мемлекеттік тіркеу күні | |
| 2. | Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат | кім берді | |
| | | жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі | |
| | | ЖСН | |
| | | кім берді | |

| | | | |
|-----|--|---|--|
| | | берілген күні | |
| | Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік | орналасқан жері | |
| | | тіркеу күні | |
| | | кім берді | |
| 3. | Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат | актінің нөмірі | |
| | | кадастрлық нөмірі | |
| | | барлық алаң, гектар | |
| | | оның ішінде егістік нысаналы мақсаты | |
| | | сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді | |
| | | жер учаскесі иесінің немесе жерді пайдаланушының атауы | |
| 4. | Ағымдағы шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің немесе почтаның ұлттық операторының анықтамасы | ЖСН/БСН | |
| | | Кбе | |
| | | Банктің немесе почта операторының деректемелері: | |
| | | Банктің немесе почта операторының атауы: | |
| | | БСК | |
| | | ЖСК | |
| | | БСН | |
| Кбе | | | |
| 5. | Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен гербицидтерді жеткізушінің арасындағы сатып алу-сату шарты** | шарт нөмірі | |
| | | шарт жасалған күні | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің атауы | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| | | гербицидтің атауы | |
| | | гербицидтің көлемі, литр (килограмм) | |
| | | төлем мерзімі | |
| 6 | Гербицидтерді сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген кезде) төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлер және (немесе) төлем тапсырмалары) | шот-фактура нөмірі | |
| | | берілген күні | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің атауы | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің ЖСК | |
| | | тауар-көліктік жүкқұжаттың нөмірі | |
| | | гербицидтің атауы | |
| | | өлшем бірлігі | |
| | | мөлшері (көлемі) | |
| | | ҚҚС-пен бағасы (теңге) | |
| | | өткізу бағасы, барлығы | |

| | | | |
|---------------|---|---|--|
| 7 | Жүктік кедендік декларация (Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елден гербицид сатып алған гербицид ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін) | н ө м і р і | |
| | | берілген күні | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің атауы | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| 8 | Тауардың Еуразиялық экономикалық одақтан әкелінгенін растайтын салық органы беретін құжат** | нөмірі | |
| | | берілген күні | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің атауы | |
| | | гербицидтерді жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| 9 | Сәйкестік сертификаты (Қазақстан Республикасында өндірілген сатып алынған гербицидтерге **) | сертификаттың қолданылу мерзімі | |
| | | сертификаттың нөмірі | |
| | | сәйкестендірілген өнім (атауы, шығарушы ел) | |
| | | өтініш беруші (атауы, мекенжайы) | |
| 10 | Шығу тегі сертификаты/сапа сертификаты (шетелдік гербицидтерге гербицидтерді өндірушінің)** | нөмірі мен берілген күні | |
| | | тауардың атауы | |
| | | экспорттаушы/жүк жөнелтуші | |
| | | импорттаушы/жүк алушы | |
| 11. | Гербицидтерді жеткізушілердің мемлекеттік лицензиясы (пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға) | лицензияның нөмірі | |
| | | толық атауы | |
| | | орналасқан жері | |
| | | лицензияның түрі | |
| | | кіші қызмет түрінің (әрекет) атауы | |
| | | кім берді | |
| берілген күні | | | |

Е с к е р п е :

* Өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін талап етуге тыйым салынады.

** Көрсетілген құжаттағы мәлімет гербицидтің әрбір түріне толтырылады.

Гербицидтерге қажеттіліктің есебі

| | | | |
|----------------------------------|-----------------------|---|----------------------------|
| Ауыл шаруашылығы дақылының атауы | А л а ң ы , гектар | Гербицидтерді 1 гектарға ғылыми жағынан ұсыным берілген колдану нормалары | Қолданылу алаңы, гектар |
| | | Г е р б и ц и д (литр, килограмм) түрі, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және жалған мәліметтер ұсынған үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын ақпараттарды пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бас бухгалтер (бар болса) _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны (заңды тұлға үшін (бар болса))

20__ жылғы «__» _____

Өтінім 20__ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

_____ (қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына

2-қосымша

Нысан

_____ облысы _____ республикалық маңызы бар қала, астана (ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидиялар алуға өтінім

_____ грамм (дана) көлемінде _____, (биоагент (энтомофаг) және биопрепарат түрі)

_____ грамм (дана) көлемінде _____, (биоагент (энтомофаг) және биопрепарат түрі) биоагенттерді (

этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушіден сатып алынған биоагенттер (этномофагтар) және биопрепараттар үшін субсидия төлеуді сұраймын.

| Р/с№ | Деректер көзі | Қажетті мәліметтер | Деректер |
|------|--|---|----------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама | БСН | |
| | | тіркеу нөмірі | |
| | | тіркеу күні | |
| | | атауы | |
| | | орналасқан жері | |
| | | мемлекеттік тіркеу күні | |
| | | кім берді | |
| 2. | Жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат | жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі | |
| | | ЖСН | |
| | | кім берді | |
| | Жеке тұлға үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік | берілген күні | |
| | | орналасқан жері | |
| | | тіркеу күні | |
| | | кім берді | |
| 3. | Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат | актінің нөмірі | |
| | | кадастрлық нөмірі | |
| | | барлық алаң, гектар | |
| | | оның ішінде егістік | |
| | | нысаналы мақсаты | |
| | | сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді | |
| | | жер учаскесі иесінің немесе жерді пайдаланушының атауы | |
| 4. | Ағымдағы шоттың бар екендігі туралы екінші деңгейдегі банктің немесе почтаның ұлттық операторының анықтамасы | ЖСН/БСН | |
| | | Кбе | |
| | | Банктің немесе почта операторының деректемелері: | |
| | | Банктің немесе почта операторының атауы: | |
| | | БСК | |
| | | ЖСК | |
| | | БСН | |
| Кбе | | | |
| 5. | | шарт нөмірі | |
| | | шарт жасалған күні | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы | |
| | | | |

| | | | |
|---|--|--|--|
| | Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші мен биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің арасындағы сатып алу-сату шарты** | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| | | биоагенттердің (этномофагтардың) және биопрепараттардың атауы | |
| | | биоагенттердің (этномофагтардың) және биопрепараттардың көлемі, грамм (дана) | |
| | | төлем мерзімі | |
| 6 | Биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды сатып алуға жұмсалған шығындарды растайтын (өтінім берген кезде) төлем құжаттары (шот-фактуралар, кіріс және шығыс кассалық ордерлері және (немесе) төлем тапсырмалары) | шот-фактура нөмірі | |
| | | берілген күні | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің ЖСК | |
| | | тауар-көліктік жүкқұжаттың нөмірі | |
| | | биоагенттердің (этномофагтардың) және биопрепараттардың атауы | |
| | | өлшем бірлігі | |
| | | Саны (көлемі) | |
| | | ҚҚС-пен бағасы (теңге) | |
| | | өткізу бағасы, барлығы | |
| 7 | Жүктік кедендік декларация(Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елден биоагенттер (этномофагтар) және биопрепараттар сатып алған ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін) | нөмірі | |
| | | берілген күні | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |
| 8 | Тауардың Еуразиялық экономикалық одақтан әкелінгенін растайтын салық органы беретін құжат** | нөмірі | |
| | | берілген күні | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің атауы | |
| | | биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушінің орналасқан жерінің мекенжайы | |

Е с к е р т п е :

* Өтінім берушіден көрсетілген құжаттардың түпнұсқасын және көшірмесін талап етуге тыйым салынады.

** Көрсетілген құжаттағы ақпарат биоагенттердің (этномофагтардың) және биопрепараттардың әрбір түріне толтырылады.

Биоагенттерге (этномофагтарға) және биопрепараттарға қажеттіліктің есебі

| Ауыл шаруашылығы дақылының атауы | Алаңы, гектар | Биоагенттерді 1 гектарға ғылыми жағынан ұсыным берілген қолдану нормалары | | | | Қолданылу алаңы, гектар |
|----------------------------------|---------------|---|---|---|---|-------------------------|
| | | Биоагент түрі, (дана, грамм) | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және жалған мәліметтер ұсынған үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын ақпараттарды пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бас бухгалтер (бар болса) _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны (заңды тұлға үшін (бар болса))

20__жылғы «__» _____

Өтінім 20 _____ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

_____ (қолы)

(өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (этномофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына

3-қосымша

Нысан

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды сатып алған биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші арқылы тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім

Мен, _____,

(облыстың, ауданның, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы)

биоагенттерді (этномофагтарды) және биопрепараттарды сатып алуға субсидияларды өзімнің банктік шотыма (немесе Ұлттық почта

| | | | | | | |
|----------|--|---|--|------------------------------------|---------------|---|
| Р/с № | Тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім берген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы, заңды мекенжайы | Биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың атауы | (Сатып алынған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың саны, грамм (дана)) | 1 грамына (данасына) бағасы, теңге | Сомасы, теңге | Төлем құжаттары бойынша төлем сомасы, теңге |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Басшы _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны (заңды тұлға үшін)

20__ жылғы «__» _____

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Субсидия беруде теріс шешім қабылданған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізбесі

| № | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өтінімін қабылдау күні | Субсидия бермеудің себебі | Субсидия бермеу туралы хабарламаның нөмірі және күні | Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі маманының тегі, аты, әкесінің аты және қызметі |
|--------|--|---|---------------------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| Жиыны: | | | | | |

Ауданның, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің

(энтомофагтардың) және биопрепараттардың
 құнын субсидиялау қағидаларына
 6-қосымша
 Нысан

**Тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінімдер берілген
 биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды
 жеткізушілердің тізілімі**

| Р/с № | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің өтінімі берілген биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің атауы, заңды мекенжайы | Тиесілі субсидияларды төлеу туралы өтінім берген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы, заңды мекенжайы | Биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың атауы | Жеткізушілер сатып алған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың саны, грамм (дана) | 1 грамға (данаға) бағасы, теңге | Сомма, теңге | Төлем құжаттары бойынша төлем сомасы, теңге |
|-------|---|--|---|---|---------------------------------|--------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Ауданның, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, әкімі

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны

20__жылғы «__» _____

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына

7-қосымша

Нысан

**Субсидия беруде теріс шешім қабылданған биоагенттерді
 (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілердің тізбесі**

| № | Биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші арқылы өтінім берген ауыл | Субсидия бермеу туралы | Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі маманының тегі, аты, |
|---|--|------------------------|---|
|---|--|------------------------|---|

| | | | | | | | | | | |
|---------------------|---|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| 1 | Жергілікті бюджетте бекітілген субсидия көлемі, теңге | | | | | | | | | |
| | Төленген субсидия көлемі, теңге | | | | | | | | | |
| | Сатып алынған субсидияланған гербицидтер көлемі, литр (килограмм) | | | | | | | | | |
| | Қолданылған субсидияланған гербицидтер көлемі, литр (килограмм) | | | | | | | | | |
| | Гербицидтердің қолдану нормасы, литр (килограмм)/ гектар | | | | | | | | | |
| | Субсидиялау аясында өңделген алаң, гектар | | | | | | | | | |
| Облыс бойынша жиыны | Жергілікті бюджетте бекітілген субсидия көлемі, теңге | | | | | | | | | |
| | Төленген субсидия көлемі, теңге | | | | | | | | | |
| | Сатып алынған субсидияланған гербицидтер көлемі, литр (килограмм) | | | | | | | | | |
| | Қолданылған субсидияланған гербицидтер көлемі, литр (килограмм) | | | | | | | | | |
| | Гербицидтердің қолдану нормасы, литр (килограмм)/ гектар | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| Субсидиялау аясында өңделген алаң, гектар, | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|

* - ақпарат өңделетін ауыл шаруашылығы дақылдары кесіндісінде беріледі.

_____ облысының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқарма басшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына

9-қосымша

Нысан

_____ облысы, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша _____ жылға биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат

| р/с № | Аудан атауы | Көрсеткіштер атауы | Биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар* қолдатылатын объектілердің атауы | | | | Барлығы |
|-------|-------------|---|--|---|---|---|---------|
| | | | Барлығы | оның ішінде биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың түрлері бойынша | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | Көзделген субсидия, мың тенге | | | | | |
| | | Игерілген субсидия, мың тенге | | | | | |
| | | Төленген субсидия көлемі, мың тенге | | | | | |
| | | Барлық сатып алынған биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар, грамм (дана) | | | | | |
| | | Субсидияланған биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар қолданылды, грамм (дана) | | | | | |
| | | Субсидияланған биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды қолдану алаңы, мың гектар | | | | | |

| | | | | | | |
|---------------------|--|--|--|--|--|--|
| Облыс бойынша жиыны | Биоагенттерге көзделген субсидия, мың тенге | | | | | |
| | Биоагенттерге игерілген субсидия, мың тенге | | | | | |
| | Төленген субсидия көлемі, теңге | | | | | |
| | Барлық сатып алынған биоагенттер (грамм (дана)) | | | | | |
| | Субсидияланған биоагенттер қолданылды, грамм (дана) | | | | | |
| | Субсидияланған биоагенттерді қолдану алаңы, мың гектар | | | | | |

*- биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар қарсы қолданылатын объектілердің түрлері кесіндісінде ақпарат беріледі _____ облысының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ауыл шаруашылығы басқарма басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны